

Ағымдағы жылдың 31.03.2026 ж Ақтөбе облыстық ғылыми-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған «Ерте кәсіптік бағдар беру -мектепке дейінгі ұйымдар жұмысының өзекті әрі маңызды бағыты» тақырыбында облыстық коучинг өтті.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының директорының орынбасары Жалғас Нұрлыгүл Жалғасқызы «Ерте кәсіптік бағдар беру -мектепке дейінгі ұйымдар жұмысының өзекті әрі маңызды бағыты» тақырыбында коучингке келген қонақтарға дәріс берді.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының әдіскері Абдуллина Назира Тайбасқызы «Ерте кәсіптік бағдар беру -мектепке дейінгі ұйымдар жұмысының өзекті әрі маңызды бағыты» туралы айтып өтті. Қазіргі қоғамда баланың жан-жақты дамуы мен болашақта өз орнын табуы-білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, ерте кәсіптік бағдар беру мектепке дейінгі ұйымдар жұмысының маңызды әрі өзекті бағыты болып табылады. Ерте кәсіптік бағдар беру-бұл балаларды әртүрлі мамандықтар әлемімен таныстыру, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағытталған жүйелі жұмыс. Мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлау қабілеті, қиялы, қызығушылығы қарқынды дамиды. Сондықтан дәл осы кезеңде балаға еңбек туралы алғашқы түсініктерді беру өте маңызды. Ерте кәсіптік бағдар беру-баланың тұлғалық дамуының маңызды бөлігі. Мектепке дейінгі ұйымдарда бұл бағытты жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы біз еңбекқор, жауапты, өз қабілетін түсінетін тұлға тәрбиелей алатынымыз туралы сөз қозғады.

№2 «Бұлбұл» балабақшасының тәрбиешісі Кулькушева Гульсум Васильевна, Медведьева Елена Александровна «Современные подходы к ранней профориентации детей дошкольного возраста» тақырыбында төмендегідей бөліктерге бөліп

- * ашық сұрақтар арқылы проблемалық жағдай қалыптастыру;
- * метафора және сіздің жеке тәжірибеңіз;
- * біздің кәсіби міндеттеріміз;
- * ойын, рол, проблемалық жағдай, шешім
- * қорытынды, рефлексия туралы сұрақ жауап әдісімен түсіндіріп өтті.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Кайсанова Анаргүл Нуртолеуовна «Игровые практики формирования представлений о профессии швей у дошкольников» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті. «Тігінші құралдарын жина», «Ілгекті тік», «Тігінші» ойындарын балалармен ойналды. Балалар тігінші мамандығы туралы түсінік алады, ұсақ моторикасы дамиды, түстерді ажыратады, шығрамашылық қабілеттері артады, бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді.

№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі Чепигина Виктория Алексеевна «Мир ювелирного мастерства глазами дошкольника» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті. «Ювелирная мастерская» сюжетті ролді ойынды балалармен бірге ойналды, күтілетін нәтижесі талқылап өтті. Балалар зергер мамандығы туралы түсінік алады, ұсақ моторикасы дамиды, түстерді сәйкестендіру дағдысы қалыптасады, шығармашылық және эстетикалық талғамы артады, қарым-қатынас дағдылары дамитыны туралы түсінік берді.

№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі Криштова Кристина Вальеревна «Юнные автомеханики» сюжеттік ролді ойын ойналды. Балалар бұл ойында мамандықтар туралы түсінік алады. Құралдарды дұрыс қолдануды үйренеді, бірлесіп жұмыс жасау дағдысы қалыптасады, қиялы және шығармашылығы дамитынын түсіндіріп өтті.

№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі Ажмуратова Назира Мусеновна «Өрт сөндірушілер» сюжеттік ойынын балалармен бірге өз тәжірибесімен бірге бөлісті. Балаларда өрт сөндірушілер туралы түсінік қалыптасады, батылдық ұйымшылдық қасиеттері дамиды, рөлдік ойын арқылы сөйлеу дағдылары жетіледі, төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету үйренетінін түсіндіріп өтті.

№ 19 «Бұлақ » балабақшасының тәрбиешісі Ажмаганбетова Лида Абиловна «Әжемнен қалған асыл мұра» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті. Балалармен жүннен жасалған түрлі заттармен жасалу жолдарын көрсетті.

№19 «Бұлақ» балабақшасының тәрбиешісі Тулеуова Ардак Абилазизовна, Кожахметова Нургуль Аяпова «Тігін өнерінің ғажайыбы» тақырыбында өз тәжірибелерімен бөлісті.

№ 2 «Бұлбұл» балабақшасының әдіскері Ахметова Гаукар Койлыбаевна «Инсайттар дөңгелегі» тақырыбында рефлексия жасады.

Коучингті Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері қортындылады.





